

Тақырыбы: «Зейін»

Мақсаты: Балалардың бойындағы зейіннің негізгі қасиеттерін дамыту. Баланың ырықты зейіні арқылы жеке басы мен ерік сапасын қалыптастыру арқылы зейін қасиеттерін жетілдіру. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Балалардың психологиялық жаттығулар арқылы зейінін тұрақтандырып, ойлау қабілеттерін арттыру және балалардың бір-біріне деген көмек қарым-қатынасын, балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Танымдық қызығушылықтарын жетілдіру, ұйымшылдыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Квест ойыны

Көрнекілігі : ақ қағаз ,түрлі фигуралар салынған плакат, ұлттық бағыт бойынша безендірілген көрнекіліктер және т.б

Ұйымдастыру кезеңі:

Тақырыппен таныстыру. Әс-әрекет барысындағы эмоциялық ахуалдарына назар аудару және сабаққа қажетті құрал жабдықтарының түгелдігін қадағалау.

Сәлеметсіңдерме! Балалар сендердің көңіл-күйлерін қалай? Балалар сендер кереметсіңдер, сендердің көңіл-күйлерің де жақсы,сендер ақылды,әдемі,мықтысыңдар олай болса бүгін сабақта да сендер өздеріңді жақсы көрсетеді деп ойлаймын. Мен сендердің бүгінгі көңіл-күйлеріңнің көтеріңкі екендігіне сенімдімін және сендердің әр күніңізге сәттілік тілеймін.Сондықтан сабағымызды қызықты етіп өтуімізге толық мүмкіндік бар. Сабақты жайлы әуенмен ертегі тыңдау және ойын жаттығулар арқылы өткіземіз , мұхият тыңдаңдар.

Балалар бүгін бізге көп қонақтар келді, қане олармен сәлемдесейік.

Шеңберге тұрғызып төмендегі өлең жолдарын айтқызады.

Мынау аспан астында

Жақсы, дос көп табылар

Менде соның бірімін,

Сәлемімді қабыл ал!

Квест барысы:

-Балалар, біздер бүгін Робот досымызбен бірге саяхатқа шығамыз, сендер дайынсыңдар ма? Ендеше дайын болсақ, ғарыш кемесіне мініп, саяхатымызды бастаймыз. Бұл саяхатымыз жай саяхат емес, бірнеше тапсырмалары бар, квест саяхат болмақ. Олай болса, бізге Робот досымыз дайындаған алғашқы квесттің тапсырмасымен таныс болайық.

1 тапсырма: - Балалар мына алдарыңда тұрған текеметте бірнеше тапсырмалар бар, сол тапсырмаларды орындау арқылы біз жұлдызшаларға ие боламыз, ол жай жұлдызша емес, сикырлы жұлдызшалар, саяхатымыздың соңында жұлдызшаны

сыйлыққа айырбастаймыз. Келістік пе? Олай болса тапсырманы орындауға кірісейік.

(Ұлттық текемет тапсырмалары орындалады.)

2 тапсырма: - Балалар Робот досымыздың алғашқы тапсырмасын өте жақсы деңгейде орындадық. Келесі тапсырмамыз - біздің дене қимылымыздың ептілігіне бағытталған екен. Біз тек қана ақылымызбен емес, спортқа да жақсы екенімізді көрсетейік.

(Тепе-теңдікті дамытуға бағытталған нейрогимнастика орындау.)

Сергіту сәті: - Балалар біздер тапсырма орындап аздап шаршап қалдық ия, ендеше аздап сергіту сәтін жасап алайық.

(«Еркесылқым» күйіне музыкалық ырғақ.)

Саусақ гимнастикасы. Көркемсөз. Тілеуғазы Бейсембеков «Гүл».

Өзім еккен былтырғы (екі қолдың саусақтарымен дән себуді көрсету) Ауламызда гүл тұрды.

Мен күн сайын суардым, (гүл суару қимылын көрсету)

Ол күн сайын құлпырды. (екі қолды бастан жоғары көтеру)

Қайтқанда да ойыннан (бір орында жүру)

Гүл кетпеді ойымнан.

Тез өсті де бойы оның, (екі қолды төбеге көтеру)

Асып кетті бойымнан. (екі қолды бастан жоғары көтеру)

Логопед балаларға тақпақты мәнерлеп оқиды. Балалармен бірге қайталап оқып, мәтін мазмұны бойынша қимылдарды көрсетеді.

3 тапсырма:

«Сымсыз телефон» дидактикалық ойыны. Балалар қатарға тізіліп отырады. Логопед қатардың басында отырған балаға бір сөзді сыбырлап айтады. Балалар сөзді бір-біріне сыбырлап қайталайды. Қатардың аяғында отырған бала есіткен сөзін дауыстап айтады. Егер ойын басында айтылған сөз өзгеріп кеткен болса, оны қатардағы қай бала өзгертіп алғаны анықталады. Барлық бала сөзді өздері қалай естігендерін айтады.. Ойын осылай жалғасады. (2-3 рет қайталау.) Ойын соңында жасырылған сөздерден сөйлем құралады.

Қорытынды: Балалар біздер Робот досымызбен саяхатты аяқтай келдік, Робот досымыз бізге өзінің жасанды интеллекті арқылы бізге сыйлық дайындапты. Сол сыйлығын алу үшін біз жұлдызшаларымызды Роботтың денесіне жабыстыруымыз керек екен.

(Жасанды интеллект арқылы жасалынған балалардың фотосуреттері мен тәттілер табысталады)